# Логопедиялық жеке жұмыс дәптері

[illegible]

## Логопедтің кеңестері

Тіл кемістігі бар балалар – калыпты естуі және ой өрісінің дамуы бар балалардың тілінің дамуында кемістік бар балалар. Тіл кемістігі әртүрлі, ол дыбыстауда,тілдің грамматикалык құрылымында,сөздік қорының төмендігі-нде және сөйлеу карқыны мен калыптылығында байқалады.

Тіл кемістігі күрделегі жағынан караганда жалпы оқытуда кедергі тудырмайтын және ауыр, арнаулы оқытуды талап ететін түрі болады.

## Ата-аналарға бала тілі туралы

Соңғы жылдары тіл кемістігі бар балалар саны ұдайы өсуде. Балалардың аналары мен әкелері корытындыда: алалия,кекеш, тіл дамуының кідіруі т.б. диагноздарын окып жиі байбалам салатыны кұпия емес.Бала тілінің даму кемістіктігі болу мүмкіндігі туралы мәлімет алғаннан кейін маманға кандай сұрактар коюды, олармен карым катынаста қандай тұғыр ұстау керектігін аныктай алады;логопедтің ұсынымы бойынша үй тапсырмаларын ұйымдастыру кажеттігін түсінеді. Логопед мұғаліммен ата-аналар арасындағы тығыз байланыс тіл кемістігін жоюдың ең басты бөлігі болып табылады.

## Логопед кеңес береді

- жак және тіл бұлшык еттерін дамыту. Ірі тағамдарды тиімді шайнауды, аузын шайуды, ұртын толтыруды, ауаны бір ұртынан екінші ұртына аударыды т.б үйрету;
- баламен тек кана дұрыс тілде сөйлесу, «бала тілін» ешқашан қолданбау;
- балаға күн сайын кыска ертегілер оку;
- онымен жиі сөйлесу, оның барлык сұрақтарына шыдаммен жауап беру, сұрак қоюын мадактау;
- сөзді немесе фразаны, ондағы сөздердің орнын ауыстыра отырып, анық бірнеше рет кайталау;
- күніне бірнеше рет артикуляциялык гимнастикалар орындау.Оның максаты - дыбыстарды айтуға катысатын бұлшық еттерге жұмыс істетуоларды бағыныштты ету. Оларға артикуляцияға аппаратының органдырын жаттыктыратын, дыбыстарды дыбыстауға ерін, тіл, таңдай катыстыруға арналған жаттығулар енгізіледі. Алғашқы кезде айна алдында жаттыққан дұрыс;
- балаға асыра жүктемеу жасау. Сабақтың 15-20 минуттан аспауы жөн;
- ұсак моториканы дамыту үшін жаттығулар қолдану керек;
- кекештікте сөйлеу демалысын, екпінді және ритмді дамытуға мүмкіндік беретін музыка сабактары жаксы нәтиже береді. Баламен сабақ көңілсіз болмауы керек, оларды қызықты ойын түрінде өткізу, жайбарақаттық ахуалын жасау, баланы оң нәтижеге бағыттау, жиі мақтау.

Үйге

Ф, Ж, Ц, Ж, Щ, Р, Л.

**Ерінге арналған жаттығулар:**

«Сусиыр» (ауызды кең ашып, жабу) «Бақаның күлкісі» (тістерді көрсетіп, жымию),
« Пілдің тұмсығы» (ерінді алға қарай созып, у - у - у деп айту);

***Тілге арналған жаттығулар:***

**«Қамыр илейік» жаттығуы**
Жымия отырып, тілді ауыздан шығарып, ерінмен ұрғылау керек және тісімізден тілді тістелейміз. Тілдің ұшынан, түбіне дейін және керісінше бағытта орындалады. 5 - 6 рет жасау керек.
**«Күлше» жаттығуы**
- Ауызды ашып, жалпақ тілді астыңғы ерінге бос орналастырып 5 - 10 сек. ұстап тұрамыз.

**Дыбысты айту кезінде тыныстың қалпын сақтау және дұрыс тыныстауға арналған жаттығу:**

***«Қарды ұшырайық» жаттығуы***
- Ауызды кең ашып, тілді жалпақ етіп, ауыздан шығара отырып, қолғаптың үстіне қойылған мақтаны(қарды), тілдің ұшына қатты үрлеу арқылы ұшыру керек. Бірінші мұрын арқылы терең тыныстап, ауаны тілдің ұшына үрлеу арқылы шығару керек.





Тіл арналған артикуляциялық жаттығулар

- ✓ Күлімсіреу
- ✓ Түтікше
- ✓ Сағат
- ✓ Әткеншек
- ✓ Ат шауып келеді
- ✓ Доп (футбол)

## Артикуляциялық жаттығулар орындау

***«Күрекше»***
***«Алтыбақан»***
***Жаттығуды дұрыс орындау тәсілі:*** тілді жіңішкертіп, кезекпен мұрынға, иекке қарай созу, бірақ ауызды ашып ұстап тұру керек.
***Жаттығудың дұрыс орындалу тәсілі:*** жалпақ тілді ауыз қуысынан шығарып, төменгі ерінге салып, 10-15 сек. ұстап тұру керек.
пта тілді оңға дейін санап тілді қозғалту қажет.

***«Ат шауып келеді»***
***Жаттығуды дұрыс орындау тәсілі:*** ауызды кең ашып, тілді таңдайға жабыстырып, баяу, жылдам қағу керек. Тіл асты желбезегін созу. Осы жаттығуды бір ден беске-онға дейін қайталау қажет.

***«Кесе»***
***Жаттығудың дұрыс орындалу тәсілі:*** ауыз кең ашық, жалпақ тілді жоғары тіске қарай көтеріп, бірақ тіл тіске тимеуі керек, 10-15 сек. ұстап тұру керек.

***«Сылақшы»***
***Жаттығуды дұрыс орындау тәсілі:*** ауыз кең ашық, тілдің ұшымен қатты таңдайды сылау. Бағытын өзгерте отырып, 10-15 рет қайталау.

## Көңілді тіл туралы ертегі

*Тілдің іс - әрекетін қайталап жасау қажет.*

Өзінің үйшігінде көңілді тіл тұрыпты. Ол үй қандай екен? Ол үйдің аты не? Кім біледі? Дұрыс, ол үйдің аты – ауыз. Үйдің есігі ашылып, жабылып тұратын болған (ауыз ашық, жабық). Ол таңертең тұрған соң тісін жууға кірісті (тіс тазалау). Содан кейін тәтті тосаппен таңғы асын ішті (жоғарғы және төменгі ерінді жалау). Тіл бір жерде тыныш отыра алмады, үйшігінен жүгіріп шығып, айналаға қарады (тілін шығару). Аздап желдің лебі білінді. Тіл тоңып, үйшігіне кіріп, есігін жауып алды (аузын жабу). Бір мезгілде жаңбыр жауа бастады, тырсылдаған дыбыс естілді (тілдің ұшымен тіске тигізіп д-д-д деп айту). Үйге кірген соң тіл мысыққа сүт құйды, мысық сүтті жалады (жоғарғы ерінді жалау), соңынан есінеді (ауызды кең ашу). Тіл сағатқа қарады. Сағат сыртылдап тұр екен (ауызды кең ашып, тілдің ұшын оңға, солға қимылдату). Мен ұйықтайтын уақыт болған екен деп тіл жатуға дайындалды.

**Буында айту.**

ша-шо-шо, шо-шу-шу-ша,шұ-шо-шұ-шұ

**Ұйқасын тап**

**Ша – ша - ша -** ойын тамаша
**Шу – шу - шу -** әжем шашты шашу.
**Шы - шы - шы -** қойды бақты қойшы.
**Аш - аш - аш -** қарағай, шырша, ағаш
**Ше ше ше -** апайлар біздің ерекше
**Іш - іш - іш -** өсті бітік күріш.

| | |
|---|---|
|  | Иегімізді шеңбер бойымен жүргіземіз. |
|  | Сызық бойымен қасықты жүргіземіз. |
|  | Қасықты балалар аты(лошадка)сияқты жылжытамыз. |
|  | Мұрын шеттерін |
|  | Ерніміздің шеттерін |
|  | Ернімізді қысамыз<br>@logoped_taraz1 |

| | |
|---|---|
|  | Ерніміздің астын қасықтың ұшымен сипаймыз. |
|  | Ерніміздің екі шетін қасықтың ұшымен басамыз. |
|  | Бетімізді шеңбер бойымен айналдырамыз. |
|  | Ауыз шеттерін айналдырамыз. |
|  | Жоғары, төмен жүргіземіз. |
|  | Шайнау бөлігінде ұмытпаймыз.<br>@logoped_taraz1 |

| | |
|---|---|
|  | Бетімізді сипаймыз, Терімізді қозғалтпай. |
|  | Самай бөлігін жәй ғана басамыз. |
|  | Қасымыздың ортасында спираль тәрізді айналдырамыз. |
|  | Қасықтың шетімен бетімізде жүргіземіз. |
|  | Мұрнымыздың шетін де жүргіземіз. |
|  | Ерніміздің айналасын қасықтың ішімен сүртеміз<br>@logoped_taraz1 |





1 Ойын «Артығын сыз»

жемістер / фрукты



көкөністер / овощи



ойыншықтар / игрушки



көлік түрі

2.